**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаевтың Тәжікстан Республикасына 1999 жылғы 16 желтоқсандағы жұмыс сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 сәуір N 497

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаевтың Тәжікстан Республикасына 1999 жылғы 16 желтоқсандағы жұмыс сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін жартыжылдықта кемінде бір рет хабарландырып отырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
N 497 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаевтың

Тәжікстан Республикасына 1999 жылғы 16 желтоқсандағы жұмыс сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| N р/с | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Мынадай құжаттардың заңдық күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу: Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулердің) экспорты мен мипорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісім | 2000 жылдың ішінде | Қаржы министрлігі |
| | Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы табыстарға және мүлікке (капиталға) қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісім | -//- | Қаржы министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Ұлттық Банкі арасындағы Қазақстан теңгесі мен тәжік рублінің өзара өтімділігін және бағамының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісім | -//- | Ұлттық Банк (келісім бойынша) |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара қорғау туралы келісім | -//- | Инвестициялар жөніндегі агенттік |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери саладағы ынтымақтастық | -//- | Қорғаныс министрлігі |

| | | |
|---|---|---|
| туралы келісім | | |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасыиың Үкіметі арасындағы Әскери-техникалық ынтымақ. тастық туралы келісім | -//- | Қорғаныс министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасыиың Үкіметі арасындағы Кеденісіндегі ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |

2. Мынадай құжаттарды қол қоюға әзірлеу:

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы шарт | 2000 жылдың үшінші тоқсаны | Әділет министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Білім және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | 2000 жылдың екінші тоқсаны | Білім және ғылым министрлігі, Туризм және спорт жөнін. дегі агенттік |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық қылмыстармен және салық заңдарын бұзушылықпен күрес саласындағы ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы келісім | -//- | Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім | -//- | Көлік және комму. никациялар минис. трлігі |
| Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кеден комитеті арасындағы Шекара арқылы заңсыз алып өткен мәдени құндылықтарды ұстау | 2000 жылдың бірінші тоқсаны | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |

| | | |
|---|---|---|
| және қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім | | |
| Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кеден комитеті арасындағы Ынтымақтастық және кеден құжаттары мен кедендік қамтамасыз етулерді өзара тану туралы келісім | -//- | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кеден комитеті арасындағы Контрабандамен және кеден ережелерін бұзушылықпен, сондай-ақ есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| 3. 1998 жылғы 3 қазандағы Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-тәжік үкіметаралық комиссиясы мәжілісінің хаттамасын орындау жөніндегі жұмысты жалғастыру | | |
| Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы банктерінің арасындағы 1992 жылғы (корреспонденттік шоттарға өткенге дейін және өткеннен кейін) өзара есеп айырысулардың сальдосын реттеу туралы келісілген ұсыныс енгізу | 2000 жылдың ішінде | Ұлттық Банк (келісім бойынша) Қаржы министрлігі |

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК